

ж

ес

Асъюб

Кынайды



ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ХХ
ғасырдан
жазылайтын

XV ғасырдан
XX ғасырдың бас кезіне дейінгі
қазақ ақын-жырауларының шығармалары

УШ ТОМДЫҚ

АЛМАТАЙ «ЖАЗУШЫ» 1985

ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

М. О.
АСЫР
ЖАРЛАЙДЫ

УШИНШІ ТОМ



АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1985

Редакция алқасы:

М. Базарбаев, С. Мұратбеков,
Р. Бердібаев, Э. Дербісалин, М. Дүйсенов,
С. Иманасов, М. Каатаев

Кұрастырушылар:

Мардан Байділдаев, Мұхтар Мағауин

Жауапты шығарушы
фольклоршы М. Байділдаев

Пікір жазған
профессор Х. Сүйіншәлиев

Б 48 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. /Жауапты шығарушы М. Байділдаев. Алматы: Жазушы, 1984.—(Қазақ ССР Фылым академиясы М. О. Әузев атындағы Әдебиет және өнер институты). Т. 3. /Кұраст. М. Байділдаев, М. Мағауин. 1985.—352 бет.

«Бес ғасыр жырлайды» жинағының үшінші томына Абай Құнанбаевтан бастап, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа дейінгі белгілі ақындардың шығармалары іріктеліп алынды.

Б 4702230100—191
402(05)—85 99—84

Каз I +

© «Жазушы», 1985

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр үқпас, талапты үғар,
Көңлінің көзі ашық, сергек үшін.*

АБАЙ

*Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне —
Күн болмағанда, кім болам?!*

СҰЛТАНМАХМУТ

АБАЙ (ИБРАЙИМ) ҚҰНАНБАЕВ

(1845—1904)

Казақ әдебиетінің классигі Абай (Ибраһим) Құнанбаев қазіргі Семей облысы, Абай ауданында 1845 жылы 10 август күні дүниеге келген.

Абай он жасқа шыққанда әкесі Құнанбай оны Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Ол ең әуелі аз уақыт Фабдул-Жаппар деген татар молдасынан, кейін Ахмет-Ризадан оқиды. Бұлардың екеуі де мешітпен бірге медресе ұстаган молдалар еді. Абай Ахмет-Ризаның медресесінде уш жыл оқыған. Осы кезде жас шәкірт Шығыстың атақты ақындарының шығармаларымен танысады, өзі де соларға еліктеп өлең жаза бастайды.

Ұлы ақынның жас шағында шығарған өлеңдерінен бізге жеткендері өте аз. Көптеген шығармалары ұмытылған, жоғалған. Абайдың өлеңді нағыз өнімді жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады.

Абай творчествосының жаңаша өріс табуы оның ұлы орыс әдебиетін танып, білуіне тікелей байланысты. Россияның алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікірінен нәр алған, орыс тілі арқылы бүкіләлемдік ғылым, білімнің тұнығынан сусындаған Абай творчествосы ендігі жерде шын мәнісіндеңі бүкілхалықтық сыпатқа ие болады.

Казақ әдебиетін жаңа арнаға түсірген Абай творчествосы революцияға дейінгі көркем ойыныздың шырқау шыңы болды.



* * *

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан тұлқі табылар андығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас — бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп андағанда.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен үшсам, тұлқі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға.
Көре тұра қалады қашқан тұлқі
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.
Қызық көрер, көнілді болса аңшылар,
Шабар жерін қарамас жығылғанға.
Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған тұлқі,
О да — осал жау емес қыран паңға.
Сегіз наиза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
Қанат, қүйрық суылдап, ыскырады,
Көктен қыран сорғалап қүйылғанда.
Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға.
Біреуі — көк,
 біреуі — жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.
Қар — аппак, бүркіт — қара, тұлқі — қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бұлк-бұлк етпей ме сипанғанда?

Аппак ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жұзді жасырғанда.
Күйеуі ер, қалыңдығы сулу болып,
Және ұқсар тар төсекте жолығысқанға.
Арт жағынан жауырыны бұлқілдейді,
Қыран бүктеп астына дәл басқанда.
Құсы да, иесі де коразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.
«Үйірімен үш тоғыз» деп жымындал,
Жасы үлкені жанына байланғанда.
Сілке киіп тымакты, насыбайды
Бір атасың көңілің жайланғанда.
Таудан жиде тергендей ала берсе,
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.
Қекіректе жамандық еш ниет жок,
Аң болады кенесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жок, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сүм жалғанда.
Қекірегі сезімді, көңілі ойлыға
Бәрі де анық тұрмай ма ойлағанда?

Ұқпассың үстірт қарап бұлғактасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.
Көлеңкесі туседі көкейіңе,
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң.

ЖАЗ

Жаздығүн шілде болғанда,
Қекорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдаپ,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдаپ,
Суда тұрып шыбындал,
Құйрығымен шылпылдаپ,
Арасында құлын, тай
Айнала шауып бұлтылдаپ.

Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдалап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдалап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдалап.
Мал ішінен айналып,
Қөнілі жақсы жайланаңып,
Бай да келер ауылға
Аяңшылы жылпылдалап.
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, куліп сылқылдалап.
Жалшы алдаған жас бала
Жағалайды шешесін:
Ет әпер,— деп қыңқылдалап.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самауырыны бүркүлдалап.
Білімділер сөз айтса,
Бәйге атындей аңқылдалап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдалап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен:
Малыңды әрі қайтар,— деп,
Малшыларға қаңқылдалап.
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдалап.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген,
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертенмен салпылдалап.
Мылтық атқан, құс салған
Жас бозбала бір бөлек,
Су жағалап қутындалап.
Қайырып салған көк құсы
Қөтеріле бергенде
Қаз сыпырса жарқылдалап.
Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жок,

Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Кошемет қылып қарқылдал.

КҮЗ

Сұр бұлдың түсі сұық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан?

Жасыл шөп, бәйшешек жок бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, қурай.

Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Каз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ак шомшы¹ жур, ол — бір керуен.
Кай ауылды көрсөң де жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржан қағып, бала бұрсен,
Көнілсіз қара сұық қырда жұрсен.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жок, тышқан аулап қайда көрсөң.

Күзеу тозған, оты жок елдің маңы,
Тұман болар жел соқса, шаң-тозанды.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорықкан қазақтың құрсын заны.

¹ Ақ шомшы — астық екпеген ел басқа елге түйемен барып астық алып қайтады, сонда түйе бос барады да шом артады.

ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Сокыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, тұсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай¹ бәркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.

Бұлыштай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.
Борандай бүрк-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.

Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.

Соныға малды жайып, күзетіндер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Құр жібер мына ант ұрған кәрі шалды.

ЖАЗФЫТҰРЫМ

Жазғытурым қалмайды қыстың сзыы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күниң көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайрандасып жас күлер құрбысымен.

¹ Ұшпадай — шашыранды бұлт.

Көрдөн жаңа тұрғандай кемпір мен шал
Жалбандасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап — қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайдаду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбыр қағып, бұландалап ағады су.

Көл жағалай мамырлап ку менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жүрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Құс қатарлап байлаған қанжығаға
Кыз бұрандалап жабысып, қылады наз.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, сайдада үлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.

Жаңа бұлмен жамырап саудегерлер,
Диханшылар жер жыртып, егін егер.
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп дәulet өнер.

Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіне аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
Рахметіне алланың көңіл сенер.
Мал семірер, ак пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның бейілі енер.
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Бойың балқып, ериді јште жігер.

Кемпір-шал шуақ іздең, бала шулар,
Мал мазатсып қуанып, аунап-қунар.
Жырши құстар әуеде өлең айтып,
Киқу салалар көлдегі қаз бен қулар.

Күн жокта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өні қашып, бола алмас бұрынғыдай.

Күн — күйеу, жер — қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырындап жүргенде көп қожандап,
Күйеу келді — ай, жұлдыз к... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанарап тойға елеріп.
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдеп, өзіне шырай беріп.

Күн күйеуін жер көксеп ала қытай.
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрленер тоты құтай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
Қызыл арай, сары алтын шатырына,
Күннің кешке кіргенін көрді көзім.

* * *

Жастықтың оты жалындалап,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындалап,
Әр қынға салған шақ.

Уайым — аз, үміт — көп,
Ет ауырмас бейнетке,
Бүгін-ертең жетем деп
Көңілге алған дәuletке.

Қайратпен кіріп, жалынбай,
Ақылмен тауып айласын,

«Мен қалайға?» салынбай,
Жылы жүзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп қактықпай,
Жазасын тауып жауласар,
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса жарасар.

Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дуниенің
Бір кетігін үстап бақ.

Құйрығы шаян, беті адам,
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам,
Кез болар қайда сорлыға.

Досыңа достық — қарыз іс,
Дүшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі — өкініш,
Ойланып алмақ — сабыр сол.

Ақ көнілді жақсыдан
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, арты тапшыдан
Ку сөзін алма қолқаға.

Сұм-сұрқия, ку заман
Гүл көрінер жігітке —
Қызықты өмір жайнаған,
Кеудесі толып үмітке.

Бір нәрсені ұнатса,
Қайта ойланып қарамас.
Мақтанып жүртты шулатса,
Құмары сол — қызба бас.

Сенісерге келгенде,
Сене берер талғамай,
Жүртү құрғыр сенгішке
‘ұра ма құлық жалғамай?

Тұры кеткен алдағыш,
Лені-ак алда, сөкпейін.

Балы тамған жас қамыс
Ормасаңшы көктейін!

Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіңе?
«Япым-ай!..» деп терлесе,
Ар емес пе өзіңе?

* * *

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтуші қыз, келіншек жүр соңында.

Деген сөз: «Бұқа буға, азбан дуға»,
Хан қарық бол түсіп жүр айғай-шуға.
Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға.

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса тұрғысын көксемек-ті.
Мезгілі өткен дәуренді қуалаған
Негұлсын бір қартайған қу сүйекті?

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен қатын емес.

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махабbat жоқ,
Тұсап қойып қашырар бұқа ма екен?

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр?

Қатыным қалай демес аксақал бай,
Сонымен дос бол жүрсің япым-ай!
Қу қатының майысса, мәз боласың,
Шайтанның шәкіртінің қылығын-ай!

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсен,
Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсен.
Тіпті оңбассың өзің өзің мәз боп,
Дастарқан мен қатынды мактан көрсөн.

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
Жастың көнілі жылымас, ол өзіне аз.
Біреуі — көк балдырған, бірі — қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?

Үнем болмас құйрықты бұландатқан,
Сауырсына шапақтап, сүйіп жатқан.
Екі көніл арасы — жылшылық жер,
Оны қайтып қосады ол ант атқан?

* * *

Көніл құсы қүйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән — көлеңкесі сол көнілдің,
Тактысына¹ билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербел, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләzzәті бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйыктап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұн дертін қозғап,
Жас балаша көнілді жақсы уатар.

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тындаушы да аз ол әннен бәһра аларлық
Мұнмен шыққан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық?

Көбінесе ән басы келеді ашы,
«Кел, тында!» деп өзгеге болар басшы.
Керім толғап, таусар қаңғыр-күңгір,
Сол жеріне ойыңмен араласшы.

¹ Такт — бұл жерде өлеңнің ырғағы ретінде алынып отыр.

Эннің де естісі бар, есері бар,
Тындаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндегі ойлы күйді
Тындағанда көңілдің өсері бар.

Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын.
Көкірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын.

Әмірдің алды — ыстық, арты — сұық,
Алды — ойын, арт жағы — мұңға жуық.
Жақсы әнді тындасан ой көзіңмен,
Әмір сәуле көрсетер судай тұнық.

Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тындасан, жаңың еріп,
Жабыркаған көңілің көтерілер.

* *

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлыттан ашылса;

Сылдырлап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындаі,
Кірлеген жүрек өзі ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Куатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға,
Ширышық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін;
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сәйле дегенін.

Үзалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ашы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсөндер өзің біл.

* * *

Құлактан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көнілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсен, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып.
Көнілім әнді үғады,
Жүрегім бойды жылыштып.

Аңсаған шөлде су тапса,
Бас қоймай ма бастауға?
Біреу түртсе, я қақса,
Бой тоқтамас жасқауға.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді түргізер.
Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар қып жүргізер.

Есіткендей болады,
Құлағым ескі сыбырды.
Ескі ойға көнілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды.

Ішіп терең бойлаймын
Өткен күннің уларын.

Және шын деп ойлаймын
Жұрттың жалған шуларын.

Тағы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?

* * *

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Әткір тіл бір үялشاқ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауат¹ пен майдандасқан,
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бейшара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Екі күймек бір жанға әділет пе?
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегіңің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырак,
Айлаға, ашуға да жақтым шырак.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекbastы көп көрдім елден бірак.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш үйықтат, бақ сөзіме!

¹ Ғадауат — дүшпандық деген мағынада.

Ішім — толған у мен өрт, сыртым дүрдең,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

ШӘҢГЕРЕЙ БӨКЕЕВ

(1847—1920)

Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев 1847 жылы Жасқұс құмында, Ордада (осы күнгі Жәнібек ауданы), Орал облысында туған. Болашақ ақын бес жасында ата-анасынан айырылып, жетім қалады. Бірақ атадан қалған мол дәулеттің арқасында қызыншылық көрмей өседі. Экесінің інілері Шәңгерейдің оқып білім алуына көмек көрсетеді. Ол Орынбордағы кадет корпусына түсіп екі жыл оқиды. Орыс тілін үйреніп, орыс халқының классикалық әдебиетімен танысады. Бұдан соң біраз уақыт Самара губерниясында (қазіргі Куйбышев облысы) мировой судья (бітімші сот) болып істеген. Онан кейінгі кездерде Шәңгерей басқадай қызмет іздемей, өзінің қонысы Көлбурсыда тұра берген. Өмірінің соңғы кезінде Шәңгерей ел жұмысына мұлде араласпаған көрінеді. Ақын көбінесе өлең жазу, аң аулау, ән тыңдау тәрізді көңіліне жаққан өнермен шұғылданған.

Шәңгерей шығармаларының басты сарындары, идеялық салалары, өмірдің өтуі жайлы топшылау, ескі заманды аңсау, ғылым-білім туралы ой түю, өз өмірінің әр қылышы кезеңдерін бейнелеу, махабbat, достықты, саятшылықты, табиғат құбылыстарын суреттеу болып келеді. Тегі әлеуметтік мәселелерді қозғағанның өзінде де Шәңгерей көп ретте жол таба алмай түйікқа тіреледі. Ақынның қофамдық ой-пікірлері, топшылау-түйіні бірде өмір шындығының айқын елесін көрсетсе, екінші бір сэтте торығуды, ескіні мадақтауды елестетеді.



ӨМІРДІҢ ӨТУІ

Құдыққа құлан құлаған,
Құлағанда құрбақа
Қауып-қатерсіз ойнаған.
Ойлағанға бұл заман:
Кырда құлан жүрсе аман
Лаң, түрлі қазадан,
Бақа жаны баз кешер
Құлағына құланның
Ойнаймын деп бойлаудан.
Сусаған құлан шұбырса,
Аса бір аса құлаудан,
Іздегені қақ болар,
Жолбарысқа жол тосқан
Қазалы құлан тап болар,
Бой жасырып ол жыртқыш,
Шыға бір шапса сайлаудан.

Жүген, құрық тимеген,
Шая шөптен жемеген,
Тұнықтан бойлап су ішкен,
Арқада ойнап тебіскен,
Үйірден жалғыз қаларсың,
Кеуденнен шығып шыбын жан
Жүрегінді жұлып жем етер,
Қазаңа шапқан ол айуан.
Іздегені тап болып,
Олжасына қарқ болып,
Маң-маң басып ол қайтар,
Буынына түсіп жылы қан.
Қайратына мас болған,
Қайдан білсін ол айуан?!

Бөкен терісін бөрік еткен,
Сексеуілден күркө еткен,

Бауырына тулак жамаған,
Қаңбакқа жүзін қамаған.
Білтелі қара қолында,
Шақпактан оған от беріп,
Жолында жатыр бір адам.
Қазаң жеткен жолбарысым!
Құмалактай қорғасын
Аға шығар шаң беріп,
Өңбеніңнен кірсе қолдаудан.
Дүние опа кімге еткен?!
Терінді тонап олжа еткен,
Ғазірайыл жағын кезенсе,
Мергенім тірі қалар ма,
Катын-бала жылаудан?

* * *

Жалғаншы, жарық дүние!
Бізден де бір күн қаларсың.
Піл сауырлы қара жер
Койныңды ашып, қол жайып
Құшағына аларсың!

Ойқай, сонда күн қараң,
Басыңа ақ тас қойылса
Сөзбен түрлі безенген.
Үстіңе топырак үйілсе
Шеккен нарға мензеген.
Тіл кесіліп, үн бітер,
Сайраған мұны жыраудан,
Тындаған айтар: «не пайда
Мұндай сөзді жырлаудан?»
Дүние куған көнілім
Нәпсіменен қарайған.
Хақ диуанға¹ асықтай
Мұрат тапқан құдайдан.
Сонда бір көнілім сап болар,
Жалғыз жатып күніреніп,
Қазаны ойлап толғаудан.

¹ Хақ диуан — бұл жерде құдайдың өзі деген мағынада.

Таудағы тас үядан
Лашындағы сарыққан киядан,
Шалқып сөзім шығады,
Ойласам, пікір-қиялдан.
Аспалап қиял кетеді,
Шыққан оқтай жаядан.
Жасындағы барып жалт етіп,
Көк қапасын ашады.
Жарығына алданып,
Дидарға қадам басады.
Мойынға алсам, бұл киял
Аулақ емес кінәдан.
«Кімсің?» деп біреу сұраса,
Өзім болып «Мен!» дегін,
«Мен» деген кетсе дүниеден,
Өзім болып «менмін» деп,
Жауап берер қай адам?!
«Менмін» деген — сол менмін,
Жалпылама, алаш, әр заман..
Киямет, мақшар таң туса,
Өзім қайта «мен» болып,
Мен болармын қайтадан.
Қайтадан жаным — қайта адам.
«Бұл сөзің қалай?» десеңіз,
Әуелінде бар болып,
Ақырында жоқ болмақ —
Шарифатқа қилап зан.
«Мизан», «сират» құрулы,
Өзіңе аян, бір алла,
Ілгері басар әр қадам.

* * *

күндерді тапсырды
Жасаған өзің бір алла.
Пайғамбар жасы жақындал,
Келе жатыр осы ара.
Алалы сака атыскан,
Жалаң аяқ құм басқан,
Тал шыбыққа таласқан,
Бір күні едім мен бала.